

# Мұражай ашылды

Мұражай әрқашанда қоғамымызда үлкен орын алады. Ондағы тарихи деректер, әр түрлі материалдар, бұйымдар келешек ұрпаққа мұра ретінде сақталады. Әр заман ұрпағының әр заманның тарихи деректерімен танысуының маңызы зор. Сондықтан мұражайдың ашылуы үлкен жетістік болып саналады.

Осыған орай, қаламызда желтоқсанның 21 жұлдызын да қаламыздағы медицина училищесінде Екібастұз медицина тарихының мұражайы ашылды. Аталмыш күні училищеде мұражайдың ашылуына орай салтанатты жиын болып өтті. Бұған қаламыздағы медицина саласына еңбек сіңірген дәрігер 1950-жылдардан бастап еңбек еткен Т. С. Нечаева, А. Грикулич, 1957-жылдан бастап еңбек еткен дер Е. Е. Малова, Г. И. Кулик, Энергетиктер емханасының бас дәрігері К. Е. Ержанов, медициналық бірлестіктің бас дәрігері Ә. Т. Құсайынов, «Екібастұзкөмір» емханасының меңгерушісі Ф. К. Әлкебаева, «Екібастұзэнерго» емханасының бас дәрігері О. Ә. Әлкебаев, балалар ауруханасының бас дәрігері Б. С. Айтқожин басқа да қаламыздағы ауруханалардың дәрігерлері, медицина училищесінің мұғалімдері мен студенттері қатысты.

Салтанатты училище мұғалімі Т. А. Андрияшина ашып, екі жылдан бері көп ізденіп дәрігерлермен және дәрігер ардагерлермен кездесіп жәдігерлер жинаған училищенің 2—курс студенттерінің еңбектері зор екенін айтып өтті. Осыдан кейін сөз кезегі аталмыш училищенің директоры Т.Ж. Ауталиповке беріл-

ді. Т. Ж. Ауталипов жаңа мұражайдың ашылуына деген қуанышын, жиналған дарға өз тілегін білдіре келе, мұражайдың ашылуына атсалысқан Ф. Н. Кутушованы, А. Т. Құсайыновты, К. Е. Ержановты және 2—курс студенттерінің мақтау грамоталарымен марапаттады. Осыған қоса, осы істі қолға алған, мұражайдың ашылуын ұйымдастырған, қазір директоры болып тағайындалған Т. А. Андрияшинаға сыйлық табыс етті. Сонымен бірге бұл мұражайдың болашақ медицина мамандары үшін өте қажет екенін айтып өтті.

Сөз кезегі дәрігерлерге берілгенде, медициналық бірлестіктің бас дәрігері Ә. Т. Құсайынов мұражай қорына 3000 теңге аударғандарын, «Екібастұзкөмір» емханасының бас дәрігері Ф. Қ. Әлкебаева ұжым атынан 3000 теңге аударылғандығын, «Екібастұзэнерго» емханасының бас дәрігері О. Ә. Әлкебаев 5000 теңге қаржы бөлгендігін және ескерткішке сағат сыйлайтындықтарын тілге тиек етті. Осыған қоса О. Ә. Әлкебаев өзімен бірге бүгінгі салтанатты бейнетаспаға түсіруші оператор ала келгенін, бұл бейнетаспа келешекте мұражай қорына тапсырылатындығын айтты.

Салтанаттың соңында жиналғандар ашылған мұражай бөлмесіне шақырылып, қонақтар мұражайдағы ерте кезде дәрігер болып істеген адамдардың суреттерін, жақсы еңбек еткен дәрігерлерге берілген мақтау грамоталарын, медицина саласына байланысты әр түрлі суреттерді тамашалады.

**Б. ИМАНБЕК.**